

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 31-апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
 Топ: Әр түрлі жастағы «Балдырған» тобы
 Балалардың жасы: 3,4.
 Жоспардың құрылу кезеңі 31.03-04.04.2025

Тәрбиешілер: Асылбекова Ж.Е., Калиакпарова Б.Р.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 31.03.2025 | Сейсенбі 01.04.2025 | Сәрсенбі 02.04.2025 | Бейсенбі 03.04.2025 | Жұма 04.04.2025 |
|--|--|------------------------|------------------------|------------------------|--------------------|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, көктем ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме! | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуді бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың іс-әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | <p>Шаттық шеңбер. (музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.) Достар , бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер!</p> <p>Әңгімелесу: «Көктем жаршысы құстар» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу) Міндеті: Сурет бойынша сөйлем құрастыруға байланыстырып сөйлеуге үйрету .Сұрақтарға жауап беруде,өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу. Сөзді естіп оны есте сақтай алу қабілеттерін дамыту. Сөздік қоры: Көктем, құстар. Апталық тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары</p> | | | | |

| | | | | | |
|--|--|--|---|---|--|
| | <p>Ұя жасап қарсы алды</p> <p>Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында .</p> <p>Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.</p> | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | № 31. Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту) "Көңілді жаттығу" | | | | |
| Таңғы ас | <p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)</p> <p>тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)</p> <p>Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды, қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап (көркем сөзін қолдану)</p> <p>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>Ойын: «Сипаттамасы бойынша тап»</p> <p>Міндеті: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту</p> | <p>Ойын: «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»</p> <p>Міндеті: Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту.</p> | <p>Сюжеттік-рөлдік ойын: «Жолаушылар»</p> <p>Міндеті: Балалардың жолаушылар көлігі туралы білімдерін бекіту. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға үйрету.</p> | <p>Д/ойын: "Ғажайып қапшық"</p> <p>Міндеті: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту</p> | <p>Д/ойын: "Атын атап бер"</p> <p>Міндеті: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті</p> <p>Ойын: « Көктем жаршысы құстар» 3 жас</p> <p>Міндеті: Ересектермен диалог құру.</p> <p>Сөздік қоры: көктем,</p> | <p>Дене тәрбиесі (дене тәрбиесі нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</p> <p>Ойын: «Менің бөлмеде»</p> | <p>Математика негіздері</p> <p>Д/ойын: «Мөлшерлер жарысы»</p> <p>3 жас</p> <p>Міндеті: Тең және тең емес заттар тобын салыстыру.</p> | <p>Дене тәрбиесі (дене тәрбиесі нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Д/ойын: «Фигуралар пазлы» 3 жас</p> | <p>Музыка</p> <p>«Көңілді барабан» ойыны. 3 жас</p> <p>Міндеті: Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Сөздік қоры: барабан,</p> |

| | | | | |
|--|---|--|--|---|
| <p>кұстар, ұя салу.</p> <p>4 жас Міндеті: Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Сөздік қоры: көктем, құстар, ұя салу.</p> <p>Математика негіздері Д/ойын: «Ұқсас немесе әртүрлі» 3 жас Міндеті: Тең және тең емес заттар тобын салыстыру.</p> <p>Сөздік қоры: тең, тең емес.</p> <p>4 жас Міндеті: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Сөздік қоры: бір, екі, үш, төрт, бес.</p> | <p>3 жас Міндеті: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Сөздік қоры: «үлкен-кіші», «ұзын-қысқа», «кең-тар».</p> <p>4 жас Міндеті: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Сөздік қоры: «үлкен-кіші», «ұзын-қысқа», «кең-тар».</p> <p>Математика негіздері Д/ойын: «Санайық, салыстырайық!» 3 жас Міндеті: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең.</p> | <p>Сөздік қоры: Тең және тең емес.</p> <p>4 жас Міндеті: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p> <p>Сөздік қоры: бір, екі, үш, төрт, бес.</p> <p>Дене тәрбиесі (дене тәрбиесі нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Қызыл телпек» ойыны. 3 жас Міндеті: Онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Сөздік қоры: қызыл телпек, қасқыр, жол.</p> <p>4 жас Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа</p> | <p>Міндеті: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең.</p> <p>Сөздік қоры: биік-аласа, бірдей, тең.</p> <p>4 жас Міндеті: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.</p> <p>Сөздік қоры: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, куб, шар, цилиндр.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет Артикуляциялық жаттығу: Салқын сұлу зебра зырылдады. 3 жас Міндеті: дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың</p> | <p>аспап.</p> <p>4 жас Міндеті: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу(тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Сөздік қоры: барабан, аспап.</p> <p>Математика негіздері Д/ойын: «Салыстыр» 3 жас Міндеті: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең.</p> <p>Сөздік қоры: биік-аласа, бірдей, тең.</p> <p>4 жас Міндеті: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қоры: теңдік және теңсіздік, биік-аласа, бірдей, тең.</p> |
|--|---|--|--|---|

Қоршаған әлеммен таныстыру.

Ойын: «Жануарларға күтім жасаймын»

3 жас

Міндеті: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.

Сөздік қоры: күтім, жауапкершілік, қорек.

4 жас

Міндеті: Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.

Сөздік қоры: күтім, жауапкершілік, қорек.

«Жеке қауіпсіздік» ережесі: «Өзің туралы негізгі ақпаратты есте сақтаймыз»

Міндеті: Балалар өздері туралы негізгі ақпаратты (аты, жасы, сүйікті тамағы, түсі және т.б.) дұрыс есте сақтайды және оны қайталап айта алады. Есінде сақтаған ақпаратты басқа балаларға немесе

Сөздік қоры: биік-аласа, бірдей, тең.

4 жас

Міндеті: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.

Сөздік қоры: биік-аласа, бірдей, тең.

қызығушылыққа баулу.

Сөздік қоры: қызыл телпек, қасқыр, жол.

Қазақ тілі
«Қазына» ойыны.

3 жас

Міндеті: Сын есімді үйрету.

Сөздік қоры: «үлкен-кіші», «ұзын-қысқа».

4 жас

Міндеті: Тілдің грамматикалық құрылымы. Жай сөйлемдер құра білуге үйрету.

Сөздік қоры: «үлкен-кіші», «ұзын-қысқа».

артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.

Сөздік қоры: салқын, зебра.

4 жас

Міндеті: Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін мен жаңылтпаштар айтқызу

Сөздік қоры: салқын, зебра.

Сөйлеуді дамыту,

көркем әдебиет

Ойын: «Жеті лақ» ертегісі.

3 жас

Міндеті: Онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.

Сөздік қоры: қасқыр, лақ, үй.

4 жас

Міндеті: Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.

Сөздік қоры: қасқыр, лақ, үй.

| | | | | | |
|----------------------|---|---|--|--|---|
| | тәрбиешіге айтып бере алады. | | | | |
| Серуенге дайындық №1 | Серуен №31. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті) | | | | |
| Серуен №1 | <p>Кешен №31 «Құстарға ұя жасау» (Қоршаған әлеммен-танысу зерттеу ойын әрекеті) Міндеті: Тәрбиешінің көмегімен құстарға ұя жасап ілу. Құстарға жем беру, күтіп-баптауға үйрету. Таби,атты қорғауға тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: Ойын алаңын тазалау. Міндеті: Балалаға тәрбиешінің көмегімен ойын алаңын тазалауға үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету. Еңбектің нәтижесін көрсету. Қимылды ойын: «Құстар мен мысық» Міндеті: Жануарлар мен құстардың арасындағы байланысты түсіндіру. Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p> | <p>Кешен №31 «Ұйқыдан оянған жәндіктер» (Қоршаған әлеммен-танысу зерттеу ойын әрекеті) Міндеті: Балаларға көктемнің алғашқы белгілермен таныстыру. Көктем мезгілінде бүкіл табиғат оянады, өзгереді.Табиғатпен бірге әр түрлі жәндіктер де оянады. Еңбек әрекеті: Ойын алаңын тазарту. Міндеті: Шашылған қоқыстарды жинап, қоқыс жәшігіне салу. Сынған ағаштардың бұтақтарын жинау. Еңбектің нәтижесін көрсету. Қимылды ойын: «Көлбең – көлбең көлеңке» Міндеті: Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын ережесін бұзбай дұрыс ойнай білуге үйрету. Көңіл-күйлерін көтеру.</p> | <p>Кешен №31 «Күлімде – күн, күлімде» (Қоршаған әлеммен-танысу зерттеу ойын әрекеті) Міндеті: Өлі табиғат жайлы білімдерін кеңейту. Ойлау қабілеттерін арттыру. Еңбек әрекеті: Ойын алаңындағы ағып жатқан суға ағаштың түбіне қарай ағын жол жасау. Міндеті: Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету; жұмыс істеудің дұрыс дағдыларын үйрету. Қимылды ойын: «Пойыз» Міндеті: Ойын ережесін бұзбай дұрыс ойнай білуге үйрету. Көңіл-күйлерін көтеру. Киімдерін қағып, саппен топқа қайту.</p> | <p>Кешен №31 «Қар қандай күйде?» (Қоршаған әлеммен-танысу зерттеу ойын әрекеті) Міндеті: Күннің жылынғанынан қардың еритіні жайлы түсінік қалыптастыру. Еңбек әрекеті: Қораптардан құстарға жемсауыт жасап әкелу. Міндеті: Құстарды қуанышпен күту, оларға деген мейірімділік сезімдерін ояту. Қимылды ойын: «Өз жұбыңды тап» Міндеті: Достыққа, жұбын қорғауға тәрбиелеу.</p> | <p>Кешен №31 «Табиғаттың көктемге дайындығы» (Қоршаған әлеммен-танысу зерттеу ойын әрекеті) Міндеті: Балалардың жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, маусымдық ауысу ерекшеліктерін бақылату. Ойлау әрекеттерін, әңгімелеу, ойларын толық жеткізу қабілеттерін дамыту. Табиғатты сүюге, қамқор болуға тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: Ағаштар мен бұталардың бұтақтарын кесу және байлау. Міндеті: табиғатты құрметтеуге баулу. Қимылды ойын: "Айналмалы жол" Міндеті: жетекшінің артынан оның қимылын қайталай отырып, колоннада қозғалуға үйрету.</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|--|
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) | | | | |
| Түскі ас | Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды, қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті) | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | № 31 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Қызыл – жасыл гүлі бар, Жұмсақтығы мамықтай. Сүргінесің жалықпай, Тазалықтың досы Сүлгі деген осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар). | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын! | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті | Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Жәндіктер оянды» | Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Күннің жылуын сезін!» 3 жас | Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Бүршік атқан ағаштар» 3 жас | Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Бәйшешек» 3 жас Міндеті: Сурет салуда | Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Балық» 3 жас |

| | | | | | |
|-----------------------|--|---|--|--|---|
| | <p>3 жас Міндеті: Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> <p>Сөздік қоры: жәндіктер, көктем, көбелек.</p> <p>4 жас Міндеті: Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> <p>Сөздік қоры: жәндіктер, көктем, көбелек.</p> | <p>Міндеті: Жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Сөздік қоры: шуақ, жылу, жарық.</p> <p>4 жас Міндеті: Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Сөздік қоры: шуақ, жылу, жарық.</p> | <p>Міндеті: Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p> <p>Сөздік қоры: ағаш, бүршік.</p> <p>4 жас Міндеті: Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: ағаш, бүршік.</p> | <p>қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> <p>Сөздік қоры: бәйшешек, алғашқы гүл.</p> <p>4 жас Міндеті: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.</p> <p>Сөздік қоры: бәйшешек, алғашқы гүл.</p> | <p>Міндеті: Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p> <p>Сөздік қоры: балық, су, ағыс.</p> <p>4 жас Міндеті: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p> <p>Сөздік қоры: балық, су, ағыс.</p> |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|---|
| | <p>3 жас 1.Абан Алтынай, 2.Жолдабек Жасмин, 3.Төлеген Ертуған, 4.Оразғали Батырхан, 5.Қожахмет Томирис 6. Тулеген Елдос 7.Нұғьман Мадияр Д/ойын: «Формалар мен фигуралар» Міндеті: Балалар геометриялық фигураларды таниды және оларды ажыратады. (сөйлеуді дамыту – коммуникативтік қызмет)</p> | <p>3 жас 1.Дмитриева Афина, 2.Сағындық Нұрболат, 3.Амантай Жасмин, 4.Гараев Алан 5.Абзал Әлімұса 6.Базарбек Алихан Д/ойын: «Үйлесімділік» Міндеті: Балалар заттар мен олардың аттарымен үйлесімділікті түсінеді. (сөйлеуді дамыту шығармашылық қызмет)</p> | <p>4 жас 1.Базарбекова Дария 2.Ғабиден Дінмухаммед 3.Тарғын Айдана 4.Хамитов Мансұр Ойын: «Менің денем» Міндеті: Балалар өздерінің дене мүшелерін таниды және оларды атауды үйренеді. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)</p> | <p>4 жас 1.Балябин Максим, 2.Қожахмет Мейірхан, 3.Жолдабек Нұрислам 4.Касымбекова Азалия Д/ойын: «Қағазға сурет салу» Міндеті: Балалар шығармашылық қабілеттерін дамытады. (сурет – шығармашылық қызмет)</p> | <p>4 жас 1.Айсина Адия, 2.Жақсылық Әлихан, 3.Касен Алиша, 4.Аталық Еркежан Д/ойын: «Дыбыстарды сәйкестендіру» Міндеті: Балалар әртүрлі дыбыстарды тындайды және оларды қандай объектілер немесе жануарлар шығаратынын анықтайды. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)</p> |
| <p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы</p> | <p>Дид.ойын: «Түстер мен пішіндер әлемі» Міндеті: Түстер мен геометриялық пішіндерді тану қабілеттерін дамыту. Базарбекова Дария, Сағындық Нұрболат</p> | <p>Дид.ойын: «Сөздер әлемінде» Міндеті: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Сағындық Нұрболат Базарбекова Дария</p> | <p>Ойын: «Қолмен сурет салу» Міндеті: Қол моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сағындық Нұрболат Базарбекова Дария</p> | <p>Дид.ойын: «Құрастырушы шеберлер» Міндеті: Конструктивтік ойлауын дамыту, ұсақ моториканы жетілдіру. Базарбекова Дария, Сағындық Нұрболат</p> | <p>Ойын: «Кедергілер жолы» Міндеті: Физикалық белсенділігін арттыру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. Базарбекова Дария, Сағындық Нұрболат</p> |
| <p>Кешкі ас</p> | <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас Такпак: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті) Жуын, жуын, жуынсақ, Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім,</p> | | | | |

| | | | | | |
|----------------------------|--|--|--|--|---|
| | Кірлеп кеткен екенсің, Қазір аппақ баласың, Қуанады анашың. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет! | | | | |
| № 2 серуенге дайындық | Серуен №31. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту) | | | | |
| № 2 серуен | <p>Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: "Ұшқыштар" Міндеті: балаларды бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: ақырын, асықпа.</p> | <p>Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: "Түрлі-түсті көліктер" Міндеті: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: көлік, серуен.</p> | <p>Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: "Аюдың апанында" Міндеті: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: асықпа, күт, көмектес.</p> | <p>Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: "Мысықтар мен балалар" Міндеті: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сөздік қоры: жүгір, жинал, жылдам.</p> | <p>Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: "Допты тордан лақтыр" Міндеті: Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: жүгір, ұста, асықпа.</p> |
| Балалардың үйлеріне қайтуы | Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Сөздік қоры: Сау болыңыз, Сау болыңыздар! | | | | |

Тексерілді: 31.03.25 жашар тексерілді;

кеңес берілгені

Камалова А.С.